



Дания Патшалығы— Солтүстік Еуропадағы мемлекет. Ол Ютландия түбегінде және Дания архипелагында орналасқан. Дания Орталық еуропа жазығының солтүстігінде Еуропа мен Скандинавия түбегі аралығында орналасқан. Бұл корольдік ІХ ғасырдан бастап өмір кешуде.



- Дания солтүстігінен оңтүстігіне қарай 360 км және шығыстан батысқа қарай 480 км созылған. Дания аумағы 43 093 км² Дания құрғақ жер арқылы тек қана Германиямен шекараланады. Бұл шекара ұзындығы 68 км созылған. Шығысында Дания Швециямен шекараланады, ол Эресунн (Зунд) және Каттегат бұғаздары арқылы өтеді, солтүстігінде Скагеррак бұғазы Данияны Норвегиядан бөліп тұрады.



- Негізгі ерекше дамыған электронды құрылғылар өндірісі, тамақ ,кеме өндірісі және құрылыс. Ауылшаруашылығында басты ролді балық аулау алады. өнеркәсіп құрылымы. Жалпы ішкі өнімдегі ауылшаруашылық, орман шаруашылығы және балық ұқсату салаларының көлемі— 3%, өнеркәсіп — 21%, қызмет көрсету-76% (2006 жыл).

ДАНИЯ ХАЛҚЫ 52ДАТТАР 98%,



- эскимостар, фарерлер, немістер. Евангелиялық лютерандықтар 91% құрайды, ал қалған протестанттар және католиктер 2% құрайды. Дания бір ұлтты мемлекет

- Данияда пластикалық бөтелкелер қоқысқа тасталмайды. Себебі бір бөтелке су сатып алатын болсаңыз, суға 20 крон, ал бөтелкеге 22 крон төлеуіңіз керек болады. Ал бөтелкенің құны арнайы пластикалық қалдықтарды өткізетін орталықтарда қайтарылады екен.

- ⊙ - Дания әлемдегі ең бақытты адамдар өмір сүретін ел болып саналады. Англияның Лестер университетінде жүргізілген бақыт табиғаты туралы зерттеу нәтижесі дат халқын әлемдегі ең бақытты адамдар екенін көрсетті.

КОПЕНГАГЕН ТҰРҒЫНДАРЫ МЕТРО АРҚЫЛЫ КҮНІНЕ 660
МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖҮРІП ӨТЕДІ. АЛ ВЕЛОСИПЕДПЕН
ОДАН ЕКІ ЕСЕ ЖОЛДЫ ӨТКЕРЕДІ ЕКЕН. БҰЛ
ӘЛЕУМЕТТІК ҮРДІС ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ЖОЛҒА
ҚОЙЫЛМАҒАН. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІН
БЕНЗИН ТАПШЫ БОЛЫП, ДАНИЯЛЫҚТАР ЖАППАЙ
ВЕЛОСИПЕД ҚОЛДАНУҒА КӨШЕДІ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ
БЕНЗИН ЖЕТКІЛІКТІ БОЛСА ДА, АДАМДАР
ВЕЛОСИПЕДПЕН ЖҮРУГЕ БЕЙІМДЕЛІП КЕТКЕН.
- КОПЕНГАГЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАРТАСЫН САТЫП
АЛСАҢЫЗ, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДЕ БІР КҮН ЖОЛАҚЫ
ТӨЛЕМЕЙ ЖҮРЕ АЛАСЫЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ҚАЛАДА
ОРНАЛАСҚАН 62 МУЗЕЙГЕ ДЕ ТЕГІН КІРУ МҮМКІНДІГІҢІЗ
БОЛАДЫ. ОДАН БӨЛЕК, ЖЫЛДАМ ТАМАҚТАНУ
МЕЙРАМХАНАЛАРЫНДА 20% ЖЕҢІЛДІК АЛА АЛАСЫЗ.
БҰЛ ЕЛГЕ КЕЛЕТІН ТУРИСТЕРДІҢ САНЫН АРТТЫРУ
МАҚСАТЫНДА ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН.